

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ №4

Күні 20.03.2025

Өтетін орны Амина бөбекжайы

Қатысқандар: 7

Төрағасы Азденбасва Р.К

Хатшысы Мейремхан М

Тақырыбы: «Экологиялық білім беру және экологиялық мәдениет»

Мақсаты:

Мектепке дейінгі жастағы балаларға экологиялық тәрбие беру, табиғатты аялауға, қоршаған ортаны қорғауға, су ресурстарын үнемдеуге және баламалы энергия көздері туралы бастапқы түсініктер қалыптастыруға жағдай жасау. Балаларды тірі және өлі табиғат нысандарын бақылауға, табиғатқа ұқыпты қарауға тәрбиелеу.

Күн тәртібінде:

Өткен педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы туралы есеп беру.

«Балабақшада баланың дені сау болуы үшін не көмектеседі?» тақырыбында кеңес.

Экологиялық білім беру және экологиялық мәдениет бойынша жылдық жоспарға енгізілген іс-шаралардың орындалуы туралы есеп.

Ата-аналарға арналған консультациялық пункттердің жұмысын ұйымдастыру.

1-мәселе бойынша

Өткен педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы туралы есеп берілді.

Педагогтерге берілген тапсырмалардың орындалу барысы қарастырылып, оқу-тәрбие процесінде жоспарланған жұмыстардың жүйелі түрде жүргізіліп отырғаны атап өтілді.

Педагогтер өздеріне бекітілген міндеттерді уақытылы орындап, балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес тәрбиелік және дамытушылық жұмыстар жүргізген.

Шешім:

Өткен педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын. Алдағы уақытта қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау жалғастырылсын.

2-мәселе бойынша

«Балабақшада баланың дені сау болуы үшін не көмектеседі?» тақырыбында кеңес өткізілді.

Кеңес барысында балалардың денсаулығын сақтау үшін күн тәртібін дұрыс ұйымдастыру, таза ауада серуендеу, қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру, дұрыс тамақтану, жеке бас

гигиенасын сақтау және қауіпсіз орта қалыптастырудың маңыздылығы айтылды

Педагогтерге балалардың денсаулығын нығайтуға бағытталған сауықтыру шараларын күнделікті оқу-тәрбие процесінде тиімді қолдану ұсынылды.

Шешім:

Балалардың денсаулығын сақтау және нығайту бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізілсін. Серуендеу, қимылды ойындар, дене шынықтыру жаттығулары және сауықтыру шаралары тұрақты ұйымдастырылсын.

3-мәселе бойынша

«Экологиялық білім беру және экологиялық мәдениет» тақырыбында жылдық жоспарға енгізілген іс-шаралардың орындалуы туралы есеп тыңдалды.

Жылдық жоспарға сәйкес балалармен табиғатты қорғау, қоршаған ортаны таза ұстау, су мен электр энергиясын үнемдеу, табиғат құбылыстарын бақылау бағытында жұмыстар

Тірі және өлі табиғат нысандарына күнделікті бақылау жүргізілсін.
Сюжетті-рөлдік және дидактикалық ойындар арқылы балалардың экологиялық мәдениеті қалыптастырылсын.

4-мәселе бойынша

Ата-аналарға арналған консультациялық пункттердің жұмысын ұйымдастыру мәселесі қарастырылды.

Ата-аналарға балалардың тәрбиесі, денсаулығын сақтау, қауіпсіздігін қамтамасыз ету, экологиялық мәдениетін қалыптастыру және үй жағдайында табиғатты қорғауға баулу бойынша кеңестер беру қажеттілігі айтылды

Консультациялық пункт арқылы ата-аналарға педагогикалық, тәрбиелік және әдістемелік көмек көрсету, қажетті жағдайда жеке кеңес беру ұсынылды.

Шешім:

Ата-аналарға арналған консультациялық пункттің жұмысы жүйелі ұйымдастырылсын.

Ата-аналарға бала тәрбиесі мен денсаулығына қатысты тақырыптар бойынша консультациялар берілсін.

Экологиялық мәдениетті қалыптастыруда балабақша мен ата-аналар арасындағы бірлескен жұмыс күшейтілсін.

Педагогикалық кеңес шешімі:

Өткен педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп есептелсін.
«Экологиялық білім беру және экологиялық мәдениет» бағыты бойынша жоспарланған жұмыстар жалғастырылсын.

Балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін және жауапкершілігін қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар тұрақты жүргізілсін.

Ата-аналармен консультациялық және түсіндіру жұмыстары жүйелі түрде ұйымдастырылсын.

Қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау меңгерушіге жүктелсін.

Педагогикалық кеңес төрайымы  *Азденбаева Р.К*

Хатшы: Мейремхан М 